

202_ж. __ _____ Шотты ашусыз жеке тұлғалардың аудармаларын жүзеге асыру кезінде ақпараттық-технологиялық өзара әрекеттесу туралы шартқа
№ 3 қосымша

Сайтқа қойылатын талаптар

Талаптар толық көлемде Дүкенмен орындалуға тиіс. РаумТесч клиенттерімен ұсынылатын тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, ҚР Ұлттық Банкімен және халықаралық төлем жүйелерімен (ХТЖ) белгіленген қағидаларына сәйкес келуге тиіс.

1. Дүкеннің сайты төменде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге және келесі ақпаратты орналастыруға тиіс:

- 1.1. Дүкеннің сайты хостинг қызметтерін ұсынатын тегін серверлерінде орналастырылмауға тиіс. Дүкен сайтының барлық ішкі сілтемелері жұмыс істейтін және өңделетін болуға тиіс.
- 1.2. Дүкенде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қарама-қайшы келетін сайттардың сілтемелері немесе баннерлері, сонымен қатар баннерлік желілердің сілтемелері, оның ішінде күмәнді сайттар (мысалы ересектерге арналған сайттар және т.с.с.), сондай-ақ күмәнді/тыйым салынған мазмұны бар баннерлер шығуы мүмкін баннерлік желілердің сілтемелері болмауға тиіс.
- 1.3. ХТЖ, РаумТесч және Банк Логотиптері бизнестің кімнің атынан жүргізілетініне қатысты Сатып алушыларды жаңылыстырмауға тиіс.
ХТЖ-ның брендтік маркасын төлеуге тиісті Карталарды қабылдау және 3D-Secure технологияларды пайдалану туралы куәландыратын толық түсте пайдалану қажет.
- 1.4. Сайтта Клиенттің қызмет аясын тиянақты көрсететін ол туралы өзекті анықтамалық ақпараттың болуы. Дүкенде Клиент елінің, орналасқан орны мекенжайының, корреспонденцияға арналған мекенжайдың (мекенжай талап етілетін бола алынбайды), сонымен қатар Сатып алушы Дүкеннің қолдау қызметімен байланыса алатын Клиенттің байланыс телефондарының болуы міндетті шарт болып табылады.
- 1.5. Клиентпен көрсетілетін және Клиентпен Сауалнамада көрсетілетін тауарлардың, жұмыстардың және/немесе қызметтердің тізбесі (№1 қосымша) Дүкен Сайтының парақшасында ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың және/немесе қызметтердің тізбесіне сәйкес келуге тиіс. Тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтер (тұтынушылық

сипаттамалардың, электрлік тұтыну параметрлерінің, габариттерінің және т.б. сипатымен), сонымен бірге оларға тарифтер (бағалар) міндетті түрде толық көлемде сипатталып, орналастырылуға тиіс және де Дүкенде сұрыпталымның болуын және бағалардың өзгерісін есепке ала отырып тұрақты түрде жаңартылуға тиіс.

- 1.6. Тауарлардың, жұмыстардың және/немесе қызметтердің өндірушілерінің сайттарына сілтемелер, Сатып алушыларға ұсынылатын кепілдіктер.
- 1.7. Дүкендерде Төлем карталарын пайдаланумен төлем рәсімдері сипатының болуы.
- 1.8. Дүкенде мерзімдер, тәсілдер туралы ақпараттың, Төлем картасын пайдаланумен Төлем операциясын жасаған соң тауарларды, жұмыстарды және/немесе қызметтерді алу туралы айқын түсінік алу үшін қажетті кез келген басқа да ақпараттың болуы.
- 1.9. Дүкеннің электрондық витринасының жұмысымен және/немесе осы талаптармен байланысты барлық парақшалар бірыңғай домендік атаумен болуға тиіс.
- 1.10. Дүкеннің сайтында сондай-ақ келесі ақпарат орналастырылуға тиіс:
 - Сатып алушыдан алынған деректердің құпиялылығын сақтау туралы ереже;
 - Сатып алушыларға Қызметті төлеу бойынша жасалған транзакция құжаттарының көшірмелерін сақтау туралы өтініш;
 - Сатып алушыларға олардың деректерін қорғау әдістері мен құралдары туралы өтініш;
 - Тауарды қайтару/қызметті болдырмау саясаты.
- 1.11. Сайттың барлық ішкі сілтемелері жұмыс істейтін және адекватты түрде өңделетін болуға тиіс.
- 1.12. Сайт «ересектерге ойын-сауықтар» («Adult Entertainment») қызметін ұсынбауға тиіс.
- 1.13. Клиент Сатып алушылармен тапсырыстарды алудың бақылауын жүзеге асыруды қарастыруға міндетті.
- 1.14. Клиент алаяқтық операциялар тәуекелдеріг шектеу және бақылау әдістерін қарастыруға міндетті.

2. Дүкенге арналған ұсынымдар

- 2.1. Дүкеннің домендік атауы тіркелген заңды тұлғаның және Клиенттің толық сәйкестігі ұсынылады. Домендік атау тіркелген заңды тұлға Интернет желісінде тиісті дерекқорлардың көмегімен орнатылады.

- 2.2. Дүкеннің домені екінші деңгейдегі домен болуы ұсынылады.
- 2.3. Егер осындайлар бар болса, Дүкеннің электрондық витринасында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізу бойынша экспорттық шектеулер сипатының болуы ұсынылады.

3. Қызметтің тыйым салынған түрлері

- 3.1. Дүкеннің қызметтің тыйым салынған түрлерінің тізіміне кіретін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетуге құқығы жоқ.
- 1) Чек бойынша қолма-қол ақшаны/бизнес-кепілдіктерді алу қызметтері;
 - 2) Қаржылық пирамидалар, желілік маркетинг;
 - 3) Интеллектуалды жеке меншікке құқықтарды сату немесе бұзу;
 - 4) Дербес деректерді қамтитын дерекқорларды сату;
 - 5) Намысқа тиетін материалдарды тарату (мысалы, адамгершілікті қорлайтын тауарларды, намысқа тиетін этникалық немесе нәсіл, естелік нацистік заттарды, зорлық-зомбылықты, этникалық алауыздықты, қасқойлықты, нәсілшілдікті насихаттайтын тауарларды тарату, жәбір және балағат сөйлемдер мен зәбірлер);
 - 6) Заңсыз қызметті қолдайтын немесе басқаларды заңсыз қызметке төндіруші материалдар мен тауарлар;
 - 7) Елдің мәдени құндылықтарын құрайтын тарих және өнер заттарын сату;
 - 8) Оларды есепке алу жүйесі заңсыз саудамен, қаржылық айла-амалдармен, заңсыз жолмен алынған ақшаның ізін жасырумен күресу мақсаттары үшін иесінің жеке тұлғасын тиісті сәйкестендіруді қамтамасыз етпейтін қаржылық немесе төлем құралдары;
 - 9) Уларды, есірткі заттарын және психотропты заттарды сату;
 - 10) Адамның мүшелері мен сүйектерін сату;
 - 11) Мемлекеттік айырым белгілерін, үкіметтік құжаттарды, униформаларды, үкіметтік жеке куәліктері мен лицензияларды, сонымен қатар полицияға (милицияға) қатысы бар тауарларды сату;
 - 12) Контрафактілік, бұрмаланған тауарларды/қызметтерді (оның ішінде репликаларды) сату;
 - 13) Уранды және олардан жасалған басқа бөлінетін материалдар мен бұйымдарды сату;
 - 14) Радиобелсенді заттарды және изотоптарды пайдаланумен аспаптар мен жабдықты, рентгендік жабдықты сату;

- 15) Радиобелсенді материалдардың, жарылғыш заттардың қалдықтарын сату;
- 16) Құқық қорғау органдарымен тыйым салынған атыс қаруды және оған қосалқы бөлшекті, оқ-дәрілерді, суық қаруды, әскери техниканы, жарылғыш заттарды және жарылу құралдарын, жауынгерлік уландырғыш заттарды және олардан қорғану құралдарын, ракеталық-ғарыштық кешендерін, байланыс жүйелерін және әскери мақсаттағы басқару құралдарын, шифрлеу техникасын, сонымен қатар жоғарыда аталған құралдарды өндіруге және пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы сату;
- 17) Қаруландыру және әскери техниканы жасау бойынша ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстардың, сонымен қатар түбегейлі іздестіру зерттеулердің нәтижелерін сату;
- 18) Арнайы техникалық құралдарды (әзірленген, бейімделген, бағдарламаланған) сату:
- акустикалық ақпаратты жасырын алу және тіркеу үшін;
 - жасырын визуалдық бақылау және құжаттау үшін;
 - телефонмен сөйлесулерді жасырын тыңдау үшін;
 - техникалық байланыс арналарынан ақпаратты жасырын ұстап қалу және тіркеу үшін;
 - көлік құралдарының және басқа объектілердің орнын ауыстыруын жасырын бақылау;
 - үй-жайларды, көлік құралдарын және басқа да объектілерді жасырын зерттеп-тексеру;
 - сонымен қатар, осы құралдарды өндіруге және пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы;
- 19) Құлыптарды бұзуға және ашуға арналған құрылғыларды сату;
- 20) Оларды еркін өткізу:
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған немесе шектелген;
 - РаумТех іскерлік беделіне теріс әсер етуге қабілетті өзге тауарларды/қызметтерді сату.

ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ:
ПРОЦЕССОР: КЛИЕНТ:

«PaymTech» ЖШС

БСН 210840004064

Заңды мекенжай: 050059, Алматы
қаласы,

Әль-Фараби даңғылы, 47/79,1

ЖСК KZ128562203116433418

«Банк ЦентрКредит» АҚ

БСК КСJBKZKX

Email: Support@paymtech.kz

Тел.: +7 771 191 68 17

Директор

Нуржаупов У.Б.

—

М.О.